

The Concept of Politics in Maturidi's Worldview

Bauyrzhan Botakarayev *

Scientific Center for Yasawi Studies, Turkestan, Kazakhstan

*Corresponding author's email: bake.kaz.tr@gmail.com

Abstract

This article comprehensively analyzes the concept of politics in Maturidi's worldview, which is considered one of the most important schools of thought in the Islamic theological tradition. Although Abu Mansur al-Maturidi's belief system is known primarily as a rational-theological school striving to harmonize reason and revelation, his sociopolitical views also played a significant role in the formation of Islamic civilization. This study examines the concepts of authority, governance, justice, public order, and human responsibility in Maturidi's teachings. Specifically, it analyzes his interpretation of politics as an independent social sphere, not entirely dependent on religious dogma but bound by ethical and religious principles. Maturidi's worldview particularly emphasizes the place of reason in politics and its importance in maintaining social harmony and stability. Furthermore, the issue of the legitimacy of power is examined in relation to the principles of protecting the interests of the people, just governance, and the prevention of evil. This article analyzes the place of Maturidi's political thought within the Sunni tradition, its interdependence with the Hanafi school of law, and its influence on political discourse in contemporary Muslim societies. The results demonstrate the intellectual potential of Maturidi's worldview for shifting politics away from theological radicalism and toward harmonization with the principles of social stability and secular governance.

Keywords: imam Maturidi; Maturidi doctrine; concept of politics; power and justice; social harmony; sunni tradition.

Received: 10 February 2026

Revised: 18 February 2026

Accepted: 17 March 2026

Copyright: © 2026 by the author.

This article is an open access article distributed under the terms and conditions of the [Creative Commons Attribution \(CC BY\) license](https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/).

Матуриди дүниетанымындағы саясат түсінігі

Аңдатпа

Мақаламызда исламдық теологиялық дәстүрдегі маңызды бағыттардың бірі саналатын Матуриди дүниетанымындағы саясат түсінігі кешенді түрде талданады. Әбу Мансур әл-Матуридидің сенім жүйесі негізінен ақыл мен уахиді үйлестіруге бағытталған рационалды-теологиялық мектеп ретінде белгілі болғанымен, оның әлеуметтік-саяси көзқарастары да ислам өркениетінің қалыптасуында елеулі рөл атқарды. Зерттеуімізде Матуриди іліміндегі билік, басқару, әділет, қоғамдық тәртіп және адам жауапкершілігі ұғымдарының мазмұны қарастырылады. Әсіресе, саясаттың діни догмаға толық тәуелді емес, алайда этикалық-діни қағидалармен шектелетін дербес қоғамдық сала ретінде түсіндірілуі талданады. Матуриди дүниетанымында ақыл-ойдың саясаттағы орны, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтаудағы маңызы ерекше атап өтіледі. Сонымен қатар, биліктің заңдылығы мәселесі халықтың мүддесін қорғау, әділетті басқару және зұлымдықтың алдын алу қағидаларымен байланыста қарастырылады. Мақалада Матуриди саяси ойының сунниттік дәстүрдегі орны, оның ханафилік құқықтық мектеппен өзара сабақтастығы және қазіргі мұсылман қоғамдарындағы саяси дискурсқа ықпалы сарапталады. Зерттеу нәтижелері Матуриди дүниетанымының саясатты теологиялық радикализмінен алыстатып, қоғамдық тұрақтылық пен зайырлы басқару ұстанымдарымен үйлестіруге мүмкіндік беретін интеллектуалдық әлеуетін көрсетеді.

Түйін сөздер: имам Матуриди; Матуриди ілімі; саясат түсінігі; билік және әділет; қоғамдық келісім; сунниттік дәстүр.

Концепция политики в мировоззрении Матуриди

Аннотация

В статье всесторонне анализируется концепция политики в мировоззрении Матуриди, которая считается одним из важнейших направлений в исламской богословской традиции. Хотя система верований Абу Мансура аль-Матуриди известна прежде всего как рационально-теологическая школа, стремящаяся к гармонизации разума и откровения, его социально-политические взгляды также сыграли значительную роль в формировании исламской цивилизации. В нашем исследовании рассматривается содержание понятий власти, управления, справедливости, общественного порядка и ответственности человека в учении Матуриди. В частности, анализируется интерпретация политики как независимой социальной сферы, не полностью зависящей от религиозной догмы, но ограниченной этическими и религиозными принципами. В мировоззрении Матуриди особенно подчеркивается место разума в политике, его важность в поддержании социальной гармонии и стабильности. Кроме того, рассматривается вопрос легитимности власти в связи с принципами защиты интересов народа, справедливого управления и предотвращения зла. В статье анализируется место политической мысли Матуриди в суннитской традиции, ее взаимозависимость с ханафитской школой права и ее влияние на политический дискурс в современных мусульманских обществах. Результаты исследования демонстрируют интеллектуальный потенциал мировоззрения Матуриди для смещения политики от теологического радикализма к гармонизации с принципами социальной стабильности и светского управления.

Ключевые слова: имам Матуриди; доктрина Матуриди; концепция политики; власть и справедливость; социальная гармония; суннитская традиция.

Кіріспе

Қазіргі кезеңдегі исламдық саяси ойға қатысты ғылыми ізденістер діни дәстүр мен қоғамдық басқару арасындағы өзара байланысты қайта пайымдауды талап етеді. Әсіресе, ислам дүниетанымындағы саясат түсінігін радикалды немесе догматикалық ұстанымдардан ажырата отырып, классикалық теологиялық мектептердің интеллектуалдық мұрасы негізінде зерделеу өзекті болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, сүнниттік калам дәстүрінің жетекші өкілдерінің бірі Әбу Мансур әл-Матуридидің дүниетанымы ислам өркениетіндегі саясат пен билік мәселесін ақыл-ой, әділет және қоғамдық жауапкершілік қағидаларымен ұштастыру түсіндіруімен ерекшеленеді. Матуриди ілімі көбіне сенім мәселелерімен байланысты зерттеулік келгенімен, оның әлеуметтік және саяси ойлары ұзақ уақыт бойы ғылыми айналымда шеткері қалып қойды, бұл аталмыш тақырыптың зерттелуін өзекті етеді. Матуриди дүниетанымындағы саясат түсінігіне қатысты ғылыми әдебиеттерге шолу көрсеткендей, батыстық және шығыстық зерттеулерде бұл мәселе көбіне ханафилік құқық, сүнниттік саяси теория немесе жалпы калам тарихы аясында жанама түрде қарастырылған. Әл-Матуридидің тікелей еңбектерінде саясатқа арналған жүйелі трактаттар болмағанымен, оның «Китаб ат-таухид» және Құран тәпсірі секілді еңбектерінде билік, әділет, қоғамдық тәртіп, зұлымдыққа қарсы тұру және адам жауапкершілігі мәселелері айқын байқалады. Соған қарамастан, Матуриди дүниетанымындағы саясат ұғымын дербес зерттеу нысаны ретінде қарастыратын кешенді еңбектердің аздығы бұл тақырыптың ғылыми маңызын арттыра түседі.

Аталған зерттеудің мақсаты – Матуриди дүниетанымындағы саясат түсінігінің теориялық негіздерін айқындап, оның исламдық саяси ой тарихындағы орнын анықтау. Зерттеу барысында Матуриди іліміндегі ақыл мен уахидің арақатынасы, биліктің заңдылығы, әділет ұғымы және қоғамдық тұрақтылық мәселелері саясат феноменімен сабақтастықта талданады. Жұмыстың ғылыми жаңалығы Матуриди дүниетанымындағы саясатты діни билікті абсолюттендіретін модель ретінде емес, этикалық-нормативтік шеңбермен реттелетін қоғамдық басқару жүйесі ретінде көрсетуімен сипатталады. Бұл зерттеу Матуриди ілімінің қазіргі мұсылман қоғамдарындағы зайырлы мемлекет, қоғамдық келісім және діни радикализмнің алдын алу мәселелерімен теориялық тұрғыда үндесу мүмкіндіктерін ашып көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, мақала исламдық саяси ойды жаңаша түсіндіруге бағытталған қазіргі ғылыми дискурсқа өзіндік үлес қосады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде дереккөздер ретінде классикалық матуридилік мұралар, ортағасырлық исламдық саяси ойға қатысты еңбектер және қазіргі заманғы ғылыми зерттеулер пайдаланылды. Негізгі бастапқы дереккөздер қатарында Әбу Мансур әл-Матуридидің «Китаб ат-таухид» еңбегі мен Құран тәпсіріне қатысты мәтіндері қолданылды. Сондай-ақ, матуридилік дәстүрді дамытқан кейінгі ханафилік-матуридилік ғалымдардың еңбектері, атап айтқанда Орта Азия мен Мәуереннахр аймағында қалыптасқан діни-интеллектуалдық мектеп өкілдерінің көзқарастары салыстырмалы түрде қарастырылады. Қосымша дереккөздер ретінде исламдық саяси ой, сүнниттік калам тарихы мен билік теориясына арналған қазіргі батыстық және шығыстық ғылыми мақалалар мен монография және өзге де ғылыми еңбектер тартылды. Зерттеу деректері мәтіндік талдау әдісі арқылы алынды. Алдымен бастапқы дереккөздерден саясат, билік, әділет, имамдық, қоғамдық тәртіп пен адам жауапкершілігіне қатысты үзінділер іріктеліп алынды. Бұл мәтіндер мағыналық тұрғыда кодталып, тақырыптық санаттарға бөлінді.

Мақалада қолданылған әдістер интерпретациялық талдау, тарихи-контекстуалдық тәсіл және салыстырмалы әдіспен толықтырылды. Тарихи-контекстуалдық тәсіл арқылы

Матуриди көзқарастарының қалыптасу кезеңіндегі саяси және әлеуметтік жағдайлар ескерілді, ал салыстырмалы талдау арқылы оның ұстанымдары сүнниттік саяси ойдың өзге бағыттарымен салыстырылды. Теориялық негіз ретінде исламдық калам дәстүріндегі ақыл мен уахиді үйлестіру қағидаты мен ханафилік құқықтық ойдың нормативтік тәсілдері алынды. Бұл әдістемелік ұстанымдар зерттеу нәтижелерінің дәйектілігін қамтамасыз етіп, Матуриди дүниетанымындағы саясат түсінігін жүйелі түрде талдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Саясаттың әлеуметтік табиғаты мен қоғамдық келісім ұғымы

Адам – табиғаты жағынан әлеуметтік болмыс. Қоғамды құрайтын жеке тұлғалар арасындағы өзара қатынастар объективті қажеттілік болып табылады. Осыған байланысты мінез-құлықтың ерекшеліктері әртүрлі адамдардың бір кеңістікте өмір сүруі, бірігуі, бөлінуі немесе өзара келіспеушіліктерге ұрынуы табиғи құбылыс. Қоғамдық-саяси деңгейде бірлікті қамтамасыз ету және туындайтын қайшылықтарды еңсеру үшін ортақ келісімге негізделген жүйе қажет. Басқару тетігі шеңберінде осы келісімге бағынған қоғам мүшелері қоғамдық тәртіп пен тұрақтылықты сақтау жолында, сондай-ақ әлеуметтік бейбітшілікке қатер төндіретін факторларға қарсы тұруда күш біріктіреді. Исламдық дүниетанымда діннің тұрақтылығы дүниелік тәртіптің орнықтылығымен тікелей байланысты қарастырылады. Ал қоғамдық тәртіптің сақталуы өз кезегінде билігіне мойынсұнылатын басқарушының болуын талап етеді. Сүнниттік көзқарасқа сәйкес, билеушінің заңдылығы халықтың қалауымен және таңдаумен айқындалады. Көрнекті ислам философы әл-Фараби ғылымдарды жіктеу барысында калам ілімін саяси философия аясында қарастыруы да осы мәселемен сабақтас (Farabi, 1986, p. 118). Мұның басты себебі – калам мектептері арасында ислам сенім негіздері тұрғысынан мемлекеттік билік пен басшылық мәселесінің талқылануы болып табылады.

Саясат – қоғамды басқару және әлеуметтік мәселелерді шешу өнері. Қоғамдағы тұрақты әрі бейбіт өмірдің негізі танымдық әрі рационалдық негізге сүйенген тиімді саяси және басқару жүйесімен тығыз байланысты. Осы тұрғыда ислам жеке тұлға мен қоғам өмірінің барлық саласында болғаны секілді, басқару ісіне қатысты да бірқатар қағидаттар ұсынады. Олардың қатарына дін және ар-ождан бостандығы, әділеттілік, теңдік, сайлау, қабілеттілік, аманат, шұра және биат секілді ұстанымдар жатады. Мақаламызда Имам Матуриридидің дін мен саясаттың өзара байланысы аясында басқару саласына тән негізгі ұғымдарға көзқарасын талдауды мақсат етеміз. Бұл тұрғыда оның «Тауилатул-Құран» атты тәпсірі мен калам іліміне арналған «Китаб ат-Таухид» еңбегіндегі тұжырымдары басшылыққа алынады.

Саясат ұғымының этимологиясы мен мағыналық эволюциясы

«Саясат» термині қазақ тілінде осы формада қолданылғанымен, түпкі этимологиясы араб тіліндегі саса етістігіне барып тіреледі. Аталған етістік бастапқыда жануарларды бағу, күту, үйрету мағынасында қолданылған (Ibn Manzur, n.d., pp. 107–108). Кейіннен бұл ұғым кеңейіп, басқару, билік жүргізу, жауапкершілік алу, тәртіпке келтіру және түзету секілді мәндерге ие болды. Хадистерде де бұл сөз «басқару» мағынасында қолданылғаны белгілі (Al-Buhari, 1987, p. 206). Осы семантикалық даму нәтижесінде саясат ұғымы белгілі бір істі қадағалау, тәрбие беру, бағыттау, әмір ету және қоғамдық жауапкершілікті жүзеге асыру мазмұнын қамтыды. Терминологиялық деңгейде саясат – адам қауымын ұйымдастыру, реттеу және басқару өнері ретінде анықталады. Осы мағыналардың барлығын жинақтай отырып, саясатты заттарды, тірі жандарды және адам қоғамын басқару өнері деп сипаттауға болады. Бұл өнер адам табиғатына тән қабілет әрі мінез-құлықтық ерекшелік ретінде қарастырылады. Адам осы қабілетінің арқасында қоғамдық мәселелерді терең түсініп, оларды шешуге, тәртіп орнатып, бұзылған жүйені қалпына келтіруге мүмкіндік алады (Geçit, 2012, p. 3).

Саясаттану ғылымында саясат ұғымына қатысты ортақ әрі бірізді анықтама қалыптаспаған. Жалпы мағынасында саясат адамдардың бір қоғамда өмір сүру қажеттілігінен туындап, қоғамдық ортақ мүдделерді зерттеуге бағытталған қызмет саласы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, саясаттың негізгі объектісі – қоғам (Akbulut, 2006, p. 8). Исламдық интеллектуалдық дәстүрде саясат ұғымы көбіне халифат мен имамат категориялары арқылы түсіндірілген. Ислам ойшылдары саясатты әртүрлі қырынан анықтаған. Классикалық түсіндірмелерде саясат (имамат/халифат) мұсылмандар үстінен жүзеге асырылатын жалпы билік құзыреті ретінде сипатталады. Бұл тұрғыда ол дінді орнықтыру және қоғам мүддесін қорғау мақсатында Пайғамбарға өкіл болу, яғни оған халифа ретінде мұрагерлік ету деп түсіндіріледі. Өзге анықтамаларда саясат – дінді сақтау мен қоғамды басқаруда Пайғамбарға қалдыру немесе дін және дүние істерінде үмметке басшылық жасау ретінде баяндалады. Ибн Ақил (512/1188) саясатты нақты уази нұсқауы болмаса да, адамдарды игілікке жақындатып, жамандықтан алыстататын басқару тәжірибесі деп анықтайды (Ibn Qayyim al-Jawziyya, n.d., p. 14). Ал Таханауи саясатты халықты дүние мен ақырет тұрғысынан құтқарушы жолға бағыттап, қоғамды түзеуге арналған қызмет ретінде сипаттайды әрі оны әдеп, қоғамдық мүдде және мүліктің тәртібін көздейтін заңдар жүйесі деп те түсіндіреді (al-Tahānawī, 1998, p. 367). Ибн Халдун (808/1406) саясат пен мемлекеттік Алланың жердегі халифалығының көрінісі ретінде бағалап, оның түпкі мақсаты адамдар арасына иләһи үкімдердің орындалуын қамтамасыз ету деп көрсетеді (Ibn Khaldūn, 1988, p. 458). Классикалық ислам дүниетанымында осылайша қалыптасқан саясат түсінігі қазіргі ғылыми әдебиетте одан әрі кеңейтілген. Қазіргі саясаттану тұрғысынан саясат белгілі бір ұйымның, мемлекеттің немесе оның жоғары басшылығының маңызды мәселелерге қатысты ұстанымы, бағыты мен іс-әрекеттер жүйесі ретінде айқындалады (Mihçioğlu, 1987, p. 182). Бұл ұғым мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына, экономикалық және қаржылық стратегияларына, сондай-ақ ұйымдар мен корпорациялардың әртүрлі салалардағы жоспарлары мен шешімдеріне қатысты қолданылады.

Ислам тарихында саясат мәселесі мұсылман қауым арасында үнемі діни және құқықтық проблема ретінде талқыланып келген. Дегенмен классикалық ғалымдардың еңбектерінде «саясат» ұғымы көбіне дербес категория ретінде емес, «имамат» және «халифат» түсініктері аясында қарастырылды. Осы себепті XVIII ғасырға дейінгі ислам саяси ойы жалпы саясат теориясынан гөрі, негізінен имамат пен халифатқа қатысты пікірталастармен шектелді. Алайда халифат институтының мұсылман зиялылары тарапынан қайта ой елегінен өткізілуі, оны тарихи миссиясын аяқтаған, заманауи саяси жүйелер мен ойлау үлгілері алдында өзектілігін жоғалтқан құрылым ретінде бағалау үрдісінің күшеюі ислам саяси ойында саясат мәселесін неғұрлым кең әрі жүйелі тұрғыда қарастыруға жол ашты. Осы контексте классикалық саяси модельдердің қазіргі заман талаптарына жеткіліксіз екендігі және уақыт талабына сай жаңа саяси тұжырымдамалардың қажеттілігі жөніндегі пікірлер қалыптасты. Дәстүрлі ислам саяси ойында саясат ұғымының философиялық мағынада қалыптасуына грек мұрасының, әсіресе Аристотель мен Платонның мемлекет пен саясатқа арналған еңбектерінің араб тіліне аударылуы ықпал етті. Алайда кәлам ілімі философиялық аударма қозғалысына сақтықпен қарағандықтан, саясатты философиялық категория ретінде емес, ислам тарихындағы нақты саяси үдерістермен сабақтас имамат және халифат ұғымдары негізінде талдады. Бұл қазіргі саяси ғалымдарда қарастырылатын көптеген мәселелер кәлам, ислам философиясы, ислам құқықтануы мен ислам құқық философиясы еңбектерінде жан-жақты қамтығанын көрсетеді.

Матуриди ілімінде саяси биліктің қажеттілігі мен имамат мәселесі

Ислам теологиясының тарихи дамуындағы әдістемелік айырмашылықтар тек діни тұрғыдан емес, сондай-ақ саяси өмірге де әсер еткен. Дәстүршілдік пен рационализм арасындағы шиеленіс, әсіресе ханафи мектеп ішінде, билік пен қоғамдағы шешім қабылдау әдістерін, құқықтық нормаларды және мемлекеттік басқарудағы құндылықтарды

қалыптастыруда көрініс тапқан. Осы тұрғыдан қарағанда, имам Матуриди мен имам Тахауидің теологиялық әдістеріндегі айырмашылықтар философиялық немесе діни мәселелермен қатар, Ханафи дәстүріндегі саяси түсініктер мен пратрикалық басқару тәсілдеріне де ықпал еткенін аңғаруға болады (Zhussipbek & Satershinov, 2019, p. 5). Саясат ұғымы мағыналық тұрғыдан билік (хакимият) түсінігімен тығыз байланысты. Билікті саясаттың құрамдар элементі ретінде қарастыруға болады, өйткені биліктің формасы мен оны жүзеге асыру тәсілі саясаттың сипатын айқындайды. Араб тіліндегі хакимият сөзі түбірлік мағынасы жағынан жануарға немесе атқа ауыздық салу, оны басқаруға, бақылауға көндіру ұғымын білдіреді (Al-Firūzābādī, n.d., p. 99). Бұл тұрғыда билік белгілі бір нысанды түзету, жаңарту мақсатымен оны өз еркіне бағындырып, бағыттауды көздейді. Ал саясат ұғымы осы билікке сүйене отырып, мүлік түсінігімен сабақтас түрде қоғамдық істерді реттеу, бақылау, оларды тиісті тәртіппен және әділетті түрде жүзеге асыру, алдын ала жоспарлау мен іске асыру міндеттерін қамтиды. Сондай-ақ араб тіліндегі хәкама етістігі негізінен жекелеген субъектілерге қатысты қолданылса, жоғарыда айтқан сәса етістігі көбіне көпшілікке, қауымға бағытталған әрекетті білдіреді (Ünal, 2001, p. 163). «Саясат» сөзі және одан тарайтын туынды формалар Құран мәтінінде тікелей кездеспейді. Алайда хадис деректерінде бұл ұғым әрі «атты үйрету, тәрбиелеу», әрі «халықтың істерін басқару» мағыналарында қолданылған (Aḥmad ibn Ḥanbal, 2001, p. 297). Ал фикх әдебиетінде саясат термині қоғамдық биліктің діннің жалпы қағидаттарына қайшы келмейтін тәртіптер мен шешімдер қабылдауы және оларды жүзеге асыруы ретінде түсіндірілген. Саясат ұғымы ислам тарихының алғашқы кезеңдерінен бастап қолданыста болған. Сол дәуірдегі мәтіндерге назар аударсақ, бұл термин көбіне «басқару өнері» соған қатысты қабілетті сипаттау үшін пайдаланылғанын байқаймыз. Мәселен, Аммар ибн Ясирдің басқару ісіндегі тәжірибесінің әлсіздігі себепті халифа Омарға шағымданылғаны және соның нәтижесінде оның қызметтен алынғаны дереккөздерде айтылады (Al-Baladhuri, 1983, p. 279). Омайядтар мен Аббасидтер дәуірінің алғашқы кезеңдерінде де саясат ұғымы әрі басқарудың өзі, әрі басқару өнері мағынасында кеңінен қолданылған. Исламдағы саяси құрылым Алла, адам, қоғам және табиғат арасындағы қатынастарды қамтитын исламдық онтологиялық дүниетанымға негізделеді. Ислам дінінде саясаттың түпкі мақсаты – адамдардың дүние мен ақыреттегі игілігін қамтамасыз ететін ортаны қалыптастыру және оны сақтау. Басқаша айтқанда, дін мен дүниеге қатысты ортақ мүдделерді қорғау, дінді сақтау және қоғамдық істерді әділетті басқару басты міндет болып саналады. осы мақсаттарды жүзеге асыра алатын билеушіні басқару ісіне тағайындау исламдық саяси түсініктің негізгі қағидаттарының бірі болып табылады (Köse, 2009, p. 294).

Мемлекетті және адамдарды басқару өнері ретінде сипатталатын саясат–қоғамдық болмыс ретінде жаратылған адам үшін ажырамас әлеуметтік институт болып табылады (Ünverdi, 2022). Қоғамды басқару мағынасындағы саясат туралы сөз қозғау үшін мемлекет ұғымына тоқталу қажет. Мемлекеттің пайда болуы ақылдың талабы, өмір шындығының мәжбүрлеуі әрі оқиғалар табиғаты туындатқан заңдылық ретінде қарастырылғанымен, мемлекеттің басында бір басшының болуы-болмауы, егер басшы болатын болса, оның діни тұрғыдан қаншалықты мүмкін әрі заңды екендігі, оның қандай жолмен сайлануы керектігі мәселелері ислам ғұламалары арасында кеңінен талқыланған. Қоғамдық өмірдің тәртіпті әрі тұрақты түрде жалғасуы үшін қоғамға үстемдік ететін билік иесінің қажет екендігі жөнінде ғалымдар арасында ортақ пікір қалыптасқан деуге болады. Өйткені адам табиғатына тән ашкөздік пен құмарлық салдарынан адамдар өзара қарым-қатынаста бір-біріне зұлымдық жасауға бейім келеді, сол себепті дауларды реттейтін төрешіге мұқтаж болады. Матуридилер саясаттың қажеттілігі жөніндегі көзқарастарын Пайғамбардан жеткен бірқатар хадистерге негіздеген. Сол хадистердің бірі: «Кім заман имамын танымастан қайтыс болса, надан өлімімен өлген болады» деген риуаят (Muslim, 2006, hadis no: 58). Сондай-ақ сахабалар Алла елшісі дүниеден өткеннен кейін имамат мәселесін ең маңызды міндет ретінде қабылдап, бұл жөнінде бір

тоқтамға келген. Басқаша айтқанда, матуридилер мемлекет басшысының қажеттілігі туралы тұжырымдарын Пайғамбар хадистеріне және үмметтің ижмасына сүйеніп негіздеген. Имам Матуриди қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін имамның қажет екенін мойындай отырып, оның кім болуы, қандай жолмен сайлануы мен қандай сипаттарға ие болуы керектігі жөнінде Құранда нақты үкімнің жоқ екенін алға тартады. Оның пікірінше, имамат мәселесінде мазхаптар арасындағы көзқарас алшақтығының өзі де Құранда бұл тақырыпқа қатысты ашық нұсқаудың болмауынан туындаған (Al-Māturīdī, 2005, p. 444). Матуридилік ілімнің көрнекті өкілдерінің бірі Әбу әл-Муин ән-Нәсәфи мұсылмандарды басқарушы мемлекет басшысының болуы уәжіп, яғни міндетті деп есептейді (Al-Nasafī, n.d., p. 107).

Матуриди ғұламаларының бірі Омар ән-Нәсәфидің халифат туралы пікірлерін түсіндірген Тафтазани мынадай сұрақты алға тартады: «Әрбір аймақта сол өңірге билік жүргізетін әрі мықты өкілетке ие бір басқарушымен шектелуге болмай ма? Барлық қоғамға ортақ бір басшы тағайындаудың қажеттілігі мен міндеттілігі қайдан туындайды?». Осы сауалға ол былай жауап береді: «Мұндай жағдай дүниелік те, діни де істердің бұзылуына, алауыздық пен қақтығыстардың пайда болуына алып келеді. Бұған қазіргі заманда да куә болып отырмыз». Тафтазани пікірін жалғастыра отырып: «Имамның болуы міндетті ме, әлде билік иесі жалпы бір басшымен шектелуге бола ма? Түркітер дәуіріндегідей тәртіпті осы жолмен де орнатуға болмай ма?» деген сұрақтарға жауап ретінде: «Иә, дүниелік істердің бір бөлігі осы жолмен реттелуі мүмкін. Алайда ең басты мақсат әрі ең ұлы қағида саналатын дінге қатысты мәселелердің орындалуы кемшін түседі», - деп тұжырымдайды (Al-Taftāzānī, n.d., p. 260).

Қорытынды

Зерттеу жұмысы аясында Матуриди дүниетанымындағы саясат түсінігі кешенді түрде талданып, оның теологиялық, рационалдық және әлеуметтік қырлары өзара сабақтастықта қарастырылды. Зерттеудің негізгі мақсаты – Имам Әбу Мансур әл-Матуриди ілімінде саясаттың қандай дүниетанымдық негіздерге сүйенетінін, билік, қоғам және адам арасындағы қатынастардың қалай түсіндірілетінін айқындау болды. Жүргізілген талдау нәтижесінде матуридилік саяси ойдың исламдық интеллектуалдық дәстүр аясында дербес, жүйелі және рационалдық бағытқа ие екендігі анықталды. Зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелерді бірнеше тұжырымдық деңгейде жинақтауға болады. Біріншіден, Матуриди дүниетанымында саясат діни догмаға қарағанда қоғамдық қажеттілік пен ақыл-ойға негізделген әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Мемлекеттің және саяси басқарудың пайда болуы адамның әлеуметтік болмысына, өзара өмір сүру қажеттілігіне байланысты түсіндіріледі. Бұл көзқарас саясатты сакралдандырудан сақтап, оны моральдық-этикалық өлшемдер арқылы шектеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, Матуриди ілімінде билік ұғымы жауапкершілік категориясымен тікелей байланыста қарастырылады. Билік – қоғам алдындағы аманат. Осыған сәйкес, билеушінің легитимділігі оның әділеттікке, қоғамдық келісімге және адам құқықтарын сақтауға бағытталған іс-әрекетімен өлшенеді. Бұл тұжырым ислам саяси ойындағы билікті абсолюттендіруге қарсы бағытталған рационалдық ұстанымның айқын көрінісі болып табылады. Үшіншіден, зерттеу нәтижелері матуриди дүниетанымындағы адам еркіндігі мен жауапкершілігінің саяси маңызын көрсетті. Адам – өз іс-әрекетіне жауапты субъект ретінде танылады, ал саяси шешімдер де осы жауапкершілік қағидатына негізделуі тиіс. Бұл қағида билік пен қоғам арасындағы қатынасты біржақты бағыну емес, өзара міндет пен құқық жүйесі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы, Матуриди дүниетанымындағы саясат түсінігінің тұтас дүниетанымдық модель аясында талдануында көрініс табады. Мақалада Матуриди іліміндегі ақыл мен уахидің үйлесімі саяси теория тұрғысынан жүйеленіп, оның басқару

философиясындағы орны айқындалды. Сонымен қатар, саясат пен діннің арақатынасы мәселесінде матуридилік тепе-теңдік қағидаты дербес концептуалдық ұстаным ретінде негізделді. Алынған нәтижелердің академиялық білімді дамытудағы маңызы да айтарлықтай. Зерттеу ислам саяси ойының біржақты теократиялық немесе радикалдық түсіндірулерден әлдеқайда кең әрі күрделі екенін көрсетеді. Матуриди дүниетанымын саяси философия, дінтану және исламтану салаларының тоғысында қарастыру ғылыми дискурсты байытып, исламдық рационализм мәселесіне жаңа методологиялық көзқарас ұсынады. Практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелерін бірнеше бағытта қолдануға болады. Біріншіден, алынған тұжырымдар діни білім беру жүйесінде, әсіресе имамдар мен дінтанушыларды даярлау барысында, исламдағы саясат пен билік мәселелерін дәстүрлі рационалдық тұрғыда түсіндіруге негіз бола алады. Екіншіден, Матуриди іліміндегі саяси-этикалық қағидаттар діни экстремизм мен дінді саясиландыру үрдістеріне қарсы идеологиялық және танымдық құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін. Үшіншіден, бұл зерттеу нәтижелері дін мен мемлекет қатынастарына қатысты қоғамдық пікір қалыптастыруда, зайырлылық ұғымын исламдық дүниетаныммен үйлесімді түсіндіруде қолдануға лайық.

Мүдделер қақтығысы

Автор мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

- Aḥmad ibn Ḥanbal. (2001). *Al-Musnad* (Vol. 2). (S. al-Arna'ūt, Ed.). Mu'assasat al-Risālah.
- Akbulut, A. (2006). Hz. Muhammed sonrası ilk siyasi krizin teolojik yansımaları. *Kelam Araştırmaları*, 4(2), 1–10.
- Al-Baladhuri, A. b. Y. b. J. (1983). *Futūḥ al-buldān*. Dār al-Kutub al-İlmiyya.
- Al-Bukhārī, Muḥammad ibn Ismā'īl. (1987). *Al-jāmi' al-ṣaḥiḥ*. Dār al-Sha'b.
- Al-Fārābī, Abū Naṣr Muḥammad. (1986). *İlimlerin sayımı* (A. Ateş, Trans.). Milli Eğitim Basımevi.
- Al-Firūzābādī. (n.d.). *Al-qāmūs al-muḥiṭ* (Vol. 4).
- Al-Māturīdī. (2005). *Ta'wīlāt al-Qur'ān* (Vol. 1). Dār al-Kutub al-İlmiyya.
- Al-Nasafī. (n.d.). *Tamhīd fī uṣūl al-dīn*.
- Al-Taftāzānī. (n.d.). *Sharḥ al-'aqā'id [Kalām ilmi ve İslam akaidi]*.
- al-Tahānawī, Muḥammad A'lā ibn 'Alī. (1987). *Kashshāf Iṣṭilāḥāt al-Funūn*, Daru'l-Kütübi'l-İlmiyye.
- Geçit, S. (2012). *İslam kelâmında siyaset ve imâmet tartışmaları* (Unpublished doctoral dissertation). Atatürk Üniversitesi.
- Ibn Khaldūn, 'Abd al-Raḥmān. (1988). *Mukaddime* (Vol. 1, S. Uludağ, Trans.). Dergâh Yayınları.
- Ibn Manzūr, Muḥammad ibn Mukarram. (n.d.). *Lisān al-'Arab* (Vol. 6). Dār Şādīr.
- Ibn Qayyim al-Jawziyya. (n.d.). *Al-ṭuruq al-ḥukmiyya fī al-siyāsa al-shar'iyya* (M. M. 'Abd al-Ḥamīd, Ed.). Dār al-Fikr.
- Köse, H. M. (2009). Siyaset. In *İslam ansiklopedisi* (Vol. 37, p. 294). TDV Yayınları.
- Mıhçıoğlu, C. (1987). Kamu yönetimi alanında Türkçe terim denemeleri. *Yıllık*, 9, 182. Ankara Üniversitesi Basın Yayın Yürükokulu Yayınları.
- Muslim, ibn al-Ḥajjāj. (2006). *Ṣaḥiḥ Muslim*. Dār Ṭayyiba.

- Ünal, B. (2001). İslam ve siyaset üzerine düşünceler. *Dokuz Eylül Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi*, 13, 163.
- Ünverdi, M. (2022). Political Thought in Maturidi. *Afro Eurasian Studies*, 9(1), 6-21. <https://doi.org/10.33722/afes.1092691>
- Zhussipbek, G., & Satershinov, B. (2019). Search for the theological grounds to develop inclusive Islamic interpretations: Some insights from rationalistic Islamic Maturidite theology. *Religions*, 10(11), 609. <https://doi.org/10.3390/rel10110609>

References

- Ahmad ibn Hanbal. (2001). *Al-Musnad* [Hadith collection] (Vol. 2). (S. al-Arna'ut, Ed.). Mu'assasat al-Risalah. (in Arabic)
- Akbulut, A. (2006). Hz. Muhammed sonrası ilk siyasi krizin teolojik yansımaları [Theological implications of the first political crisis after the Prophet Muhammad]. *Kelam Araştırmaları*, 4(2), pp. 1–10. (in Turkish)
- Al-Baladhuri, A. b. Y. b. J. (1983). *Futūh al-buldān* [The Conquests of the Lands]. Dār al-Kutub al-'Ilmiyya. (in Arabic)
- Al-Bukhārī, Muḥammad ibn Ismā'īl. (1987). *Al-jāmi' al-ṣaḥīḥ* [The authentic collection]. Dār al-Sha'b. (in Arabic)
- Al-Fārābī, Abū Naṣr Muḥammad. (1986). *İlimlerin sayımı* [Enumeration of sciences] (A. Ateş, Trans.). Milli Eğitim Basımevi. (in Turkish)
- Al-Firūzābādī. (n.d.). *Al-qāmūs al-muḥīṭ* [The Surrounding Ocean Dictionary]. (Vol. 4). (in Arabic)
- Al-Māturīdī. (2005). *Ta'wīlāt al-Qur'ān* [Interpretations of the Qur'an] (Vol. 1). Dār al-Kutub al-'Ilmiyya. (in Arabic)
- Al-Nasafī. (n.d.). *Tamhīd fī uṣūl al-dīn* [Introduction to the Principles of Religion]. (in Arabic)
- Al-Taftāzānī. (n.d.). *Sharḥ al-'aqā'id* [Commentary on the Creeds]. (in Arabic)
- al-Tahānawī, Muḥammad A'lā ibn 'Alī. (1987). *Kashshāf iştilāḥāt al-funūn* [A lexicon of technical terms of the sciences]. Dār al-Kutub al-'Ilmiyya. (in Arabic)
- Geçit, S. (2012). *İslam kelâmında siyaset ve imâmet tartışmaları* [Discussions on politics and imamate in Islamic theology]. (Unpublished doctoral dissertation). Atatürk Üniversitesi. (in Turkish)
- Ibn Khaldūn, 'Abd al-Raḥmān. (1988). *Mukaddime* [Introduction] (Vol. 1, S. Uludağ, Trans.). Dergâh Yayınları. (in Turkish)
- Ibn Manẓūr, Muḥammad ibn Mukarram. (n.d.). *Lisān al-'Arab* [The tongue of the Arabs] (Vol. 6). Dār Şādir. (in Arabic)
- Ibn Qayyim al-Jawziyya. (n.d.). *Al-ṭuruq al-ḥukmiyya fī al-siyāsa al-shar'iyya* [Judicial methods in Islamic governance] (M. M. 'Abd al-Ḥamīd, Ed.). Dār al-Fikr. (in Arabic)
- Köse, H. M. (2009). Siyaset [Politics]. In *İslam ansiklopedisi* (Vol. 37). TDV Yayınları. (in Turkish)
- Mıhçıoğlu, C. (1987). Kamu yönetimi alanında Türkçe terim denemeleri [Essays on Turkish terminology in the field of public administration]. *Yıllık*, 9, 182. Ankara Üniversitesi Basın Yayın Yüksekokulu Yayınları. (in Turkish)
- Muslim, ibn al-Ḥajjāj. (2006). *Ṣaḥīḥ Muslim* [The authentic collection]. Dār Ṭayyiba. (in Arabic)
- Ünal, B. (2001). İslam ve siyaset üzerine düşünceler [Thoughts on Islam and politics]. *Dokuz Eylül Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi*, 13, 163. (in Turkish)
- Ünverdi, M. (2022). Political thought in Maturidi. *Afro Eurasian Studies*, 9(1), 6-21. <https://doi.org/10.33722/afes.1092691>
- Zhussipbek, G., & Satershinov, B. (2019). Search for the theological grounds to develop inclusive Islamic interpretations: Some insights from rationalistic Islamic Maturidite theology. *Religions*, 10(11), 609. <https://doi.org/10.3390/rel10110609>

Information about authors

Bauyrzhan Botakarayev – PhD, Leading Researcher of the National Historical and Cultural Museum-Reserve “Azret Sultan”, Scientific Center for Yasawi Studies, Turkestan, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-8164-8049>, bake.kaz.tr@gmail.com

Авторлар туралы мәлімет

Бауыржан Ботакараев – PhD, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының жетекші ғылыми қызметкері, Түркістан, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-8164-8049>, bake.kaz.tr@gmail.com

Сведения об авторах

Бауыржан Ботакараев – PhD, ведущий научный сотрудник Национального историко-культурного музея-заповедника «Азрет Султан», Научно-исследовательского центра Ясави, Туркестан, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-8164-8049>, bake.kaz.tr@gmail.com